ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
**«БАЛҚАШ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»**
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
**« ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА БАЛХАШ»**
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2023 жылғы 14 желтоқсан № 626

Балқаш қаласы город Балхаш

**Оқу үрдісін тоқтату туралы**

«Қолайсыз ауа райы метеожағдайларында орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында сабақтарды тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 42 бұйрығы (03.07.2023 № 194 бұйрығымен және «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2021 жылғы 3 қарашадағы №547 бұйрығын негізге ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылдың 14 желтоқсанында ауа райының қолайсыздығына байланысты, бірінші және екінші ауысымдағы мектепалды сыныптары мен 1-11 сынып оқушылары үшін сабақтар қашықтықтан оқыту форматына ауыстырылсын.
2. Сабақтар «Bilimal», «Zoom» интернет-платформалары мен «WhatSapp» сервисі арқылы өткізілсін.
3. Сабақтың қашықтықтан өтетіні туралы бұйрық шығарылсын және оны білім беру ұйымының ресми сайты мен ақпараттық стендтерге орналастырылсын.
4. Оқушылардың онлайн режимінде сабаққа қатысуы қатаң қадағалансын.
5. Мектеп асханасының жұмыс істемеуіне байланысты 1-4 сынып оқушылары мен әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан 5-11 сынып оқушыларына мемлекет тарапынан тегін тамақтануы 14.12.2023ж электронды жүйеден алынсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Бөлім басшысы К.Дубирбекова**